

егемен

Қазықаспан

“Ат айдап ерейменге барғанымда...”

Ерейментау – Астананың солтүстік-шығыс беткейінде орналасқан Ақмола облысына қарайтын аудан. Жер көлемі жағынан Ақмола облысындағы ең үлкен аудан да осы. Халқының саны 34,8 мың адам.

Астанадан 150 шақырым жерде орналасқан өңірге бара жатқан жолда толып жатқан төбелерді көресіз – бір төбеден соң бір төбе болып жалғаса береді, жазық жер мұнда жоқтың қасы. Жол бойы елді мекендер де сирек, 3-4 қана ауыл бар. Ал Ерейментау қаласы өзі аттас таудың етегіне, табиғаты әсем жерге орналасқан.

“Ерейментау” деген сөздің шығу төркіні туралы да түрлі жорамалдар бар екен. Соның бірі бойынша тауда ермен (жусанның бір түрі) көп өскеннен солай аталған десе, қарсылар “жоқ, олай емес, ермен бұл тауға тек тың игеру жылдары ғана келді, тау аты Бөгенбаймен байланысты, ол бірде қалмақтың бір батырын жекпе-жекте жеңіп, қашып кеткен жүйрік атын ұстап әкелген жасақтарына “ерімен ұстадыңдар ма?”, дегенде аналар “иә, ерімен, ерімен”, деген екен, тау аты содан қалған”, деген аңыз айтады. Тағы біреулер таудың едірейген шоқыларын қалмақтар өз тілдерінде еркек (ери) пен әйел (мен) деген екен, тау аты содан қалыпты-мыс дегенді көлденең тартады. Не десе де, Ерейментау – қазақ тарихында өзіндік орны бар ерекше мекендер санатынан. Ол алдымен қазақ даласының бостандығы мен азаттығы жолындағы күресті ұйымдастырушылардың бірі, аты әйгілі сардар Қанжығалы Бөгенбай батырдың есімімен, қала берді Арқаның ән-жырының перісі Ақан сері, оның жүйрігі Құлагер есімдерімен тығыз байланыстырылады.

Ерейментауда 11 мыңдай халық тұрады. Аудан әкімі Нұрлан Ережеповпен болған әңгімеден Ерейментаудың экономикасы, әлеуметтік ахуалы облыс бойынша жақсы жолға қойылған өңірлердің бірі екенін аңғардық. Үстіміздегі жылдың 9 айының көрсеткіштері бойынша мұнда 1 млрд. 179,8 млн. теңгенің өнеркәсіп өнімі өндіріліп, былтырғы жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 29,5 пайызға артыпты. Соның ішінде қандай өнімдер шығарылатынын бізге аудан әкімінің орынбасары Алик Манадыров тігісін жатқызып айтып берді. Мәселен, “Ақжол” ЖШС мен “Эльбор” ӨК темір жол көлігіне қажетті қосалқы бөлшектер дайындау және жөндеу жұмыстарымен айналысады екен. Үстіміздегі жылы 368,7 млн. теңгенің өнімін өндіріпті. Өндіріс көлемін арттыру үшін интернет жүйесі арқылы жарнама жасап, хабарландырулар берілетін көрінеді. Тау-кен саласы бойынша жұмыс істейтін “МуСаИмпэкс” және “Құлагер-тас” ЖШС кварцит ұсақтау, қиыршық тас өндірумен айналысып, аталмыш мерзімде 358,3 млн. теңгенің өнімін шығарған. Айта кетерлігі, “Құлагер-тас” зауыты биылғы маусым айында ғана іске қосылыпты, қазір онда 50-ден артық адам еңбек етеді екен. Бұлардан басқа осы саланың шағын кәсіпорындары 436,3 млн. теңгенің өнімін шығарған. Осы жылдың IV тоқсанында жылына 500 мың тонна қиыршық тас өндіретін “Ерейментаунеруд” зауыты іске қосылмақ, онда да 50-ден артық адам жұмыс істейтін болады. “Бестоғай” ауылдық округінің аумағында “Қызылту” ЖШС құрамында ураны бар мыс-молибден рудасын өндіреді. Биылғы жылғы

ауа райының қуаңшылығынан аудан былтырғы жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда, ауылшаруашылық өнімін 30 пайызға аз өндіріпті. Ауданда 72 мың гектар жерге бидай егіледі екен, оның өнімділігі 4-5 центнерден аспаған. Мал басы біршама мол, ауданда оның барлық саны 38 мың, бұл былтырғы жылмен салыстырғанда сәл артық.

Үстіміздегі жылы аудан экономикасына 1 721,6 млн. теңгенің инвестициясы құйылыпты, бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 3,5 есе артық. Инвестицияның негізгі бөлігі де өнеркәсіп орындарына салынған. Аудан халқын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету бағдарламасы бойынша 62,9 млн. теңге бөлініп, оның 50 млн.-дайы игерілген.

Әлеуметтік салаға бөлініп жатқан қаражат көлемі де жыл сайын артып келеді, атап айтқанда, 2006 жылы – 475, 2007 жылы 501 млн. теңге болса, 2008 жылы ол 617 млн. теңгеге жеткен. Соның арқасында педагогтар мен дәрігерлер жетіспеушілігі азайған, оларға әлеуметтік жеңілдіктер жасалған. Мектептер мен медициналық пункттердің қамтамасыз етілуі жақсарған. Аудан орталығындағы Бөгенбай батыр атындағы музейге бізді мәдениет бөлімінің бастығы Манап Әбдірешов бастап барды. Бұл аудан ғана емес, талай үлкен зерттеуші, өлкетанушыларды риза ететінін, экспонаттарға батырша бай музей екен. Онда Бөгенбайдың ұрпағы Саққұлақ бидің үйінде болған кілемнен бастап, талай құнды дүниелер орын алған. Музей қызметкері Тұрсынай Шошанова мұрағаттар туралы біліктілікпен әңгімеледі. Мұнда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың да болғанын, құрметті қонақтар кітабына қолтаңбасын қалдырғанын зор мақтанышпен айтты.

Қаланың ортасындағы 650 баладай оқитын Бөгенбай батыр атындағы орта мектепке де ат басын тіредік. Мектеп 1991 жылдан бері таза қазақ тілінде білім беретін көрінеді. Оның директоры Амантай Молдабаев оқу орнының жетістіктері туралы әңгімеледі. 2004 жылы мектеп Ақмола облысы бойынша ең үздік деп танылып, “Жыл мектебі” атағын жеңіп алыпты, үш түлегі “Алтын белгі” алған екен.

Міне, Қанжығалы Бөгенбай сардардың ауылына ат шалдырған аз мерзімде осындай тірліктерді көрдік.

Жақсыбай Самрат.